

Хаттама № 1

2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы
қызмет туралы есепті жария талқылау өткізу туралы

Аққулы ауданы,Тлектес ЖОББМ	2026 жылғы 12 қаңтар
Орны	Басшы кабинеті
Уақыты	10.00.
Қатысқандар	Тлектес ЖОББ мектебінің басшысы, қызмет алушылар. Қатысқандар саны: 7 адам

КҮН ТӘРТІБІ

2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы
қызмет туралы «Аққулы ауданының,Тлектес ЖОББМ » КММ
есебін тыңдау

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есепті жария талқылау Тлектес ЖОББМ басшысымен өткізілді.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (2025 жылғы 17 желтоқсандағы өзгерістермен) сәйкес білім беру саласында 5 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы білім беру саласында барлығы 5 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР ТҮРЛЕРІ:

- 1-сыныпқа қабылдау
- Орта білім туралы құжат беру
- Басқа мектепке ауыстыру
- Лагерьге қабылдау
- Тегін ыстық тамақпен қамту

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне және 1-сыныпқа қабылдау қағидаларына сәйкес 2025–2026 оқу жылына 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау жұмыстары жүргізілді.

1-сыныпқа құжаттарды қабылдау **2025 жылғы 1 сәуір мен 31 тамыз** аралығында жүзеге асырылды. Қабылдау **egov.kz** электрондық үкімет порталы және қағаз нұсқада жүргізілді.

Мектепке 1-сыныпқа қабылданған оқушылар туралы тоқталсақ,

Жалпы қабылданған оқушылар саны – 5

Оның ішінде:

Ұл балалар – 4

Қыз балалар – 1

Тілдік оқыту бағыты бойынша қазақ сыныптарына барлығы – 5 оқушы қабылданды.

Оқушылар ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өтініші негізінде қабылданды. Құжаттар толық әрі талаптарға сай тапсырылды.

Қабылдау барысында келесі құжаттар алынды:

1.Ата-ананың өтініші

2.Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі

3.№065-у нысанындағы денсаулық паспорты

4.№052-2/у нысанындағы баланың денсаулық картасы

5.3×4 фотосурет

1-сыныпқа қабылдау жұмыстары белгіленген талаптарға сай, уақытында және ашық түрде жүргізілді. Барлық қабылданған оқушылар жаңа оқу жылына толық қамтылды.

Есепті кезеңде мемлекеттік қызмет сапасына қатысты шағымдар тіркелген жоқ.

Мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер мектептің ресми сайтында және ақпараттық стендтерде жарияланды.

Ата-аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектептегі мемлекеттік қызмет көрсету жұмыстары ҚР «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңына және тиісті нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді. Қызмет көрсету сапасын жетілдіру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта жалғасын табады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес Тлектес ЖОББ мектебінің мектеп жанындағы лагерьіне оқушыларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мектеп жанындағы лагерьге (жазғы демалыс лагерьі) балаларды қабылдау. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі яғни құжаттарды қабылдау 2025 жылғы 15 мамыр мен 30 мамыр аралығында жүргізілді.

Мемлекеттік қызметті алушылар – 1–7 сынып оқушыларының ата-аналары (заңды өкілдері).

Құжаттар ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініші негізінде қабылданды. Қызмет көрсету тегін жүргізілді.

Құжаттарды қабылдау:қағаз түрінде жүргізілді. (мектеп арқылы);

Белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылды.

Құжат тапсырған өтініштер саны – 21

Құжаттары толық қабылданған балалар саны – 21

Қабылданған негізгі құжаттарға тоқталсақ:

1.Ата-ананың өтініші;

2.Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3.Денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;

4.Ата-ананың жеке куәлігінің көшірмесі.

Қызмет көрсету барысында бас тарту жағдайлары тіркелмеді.

Барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралып, талаптарға сай құжат тапсырған оқушылар мектеп жанындағы лагерьге қабылданды.

Мектеп жанындағы лагерьге құжаттарды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет қолданыстағы заңнама талаптарына сай, ашық және уақтылы көрсетілді. Қызмет көрсету барысында азаматтардың шағымдары тіркелген жоқ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, жалпы орта білім беру ұйымдарына оқушыларды қабылдау қағидаларына сәйкес 2025–2026 оқу жылына 10-сыныпқа қабылдау жұмыстары ұйымдастырылып, жүргізілді. 10-сыныпқа құжаттарды қабылдау 2025 жылғы 1 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында жүзеге асырылды.

10-сыныпқа қабылдау келесі негізде жүргізілді:

негізгі орта білім туралы аттестаттың болуы;

ата-ананың (заңды өкілдің) өтініші;

белгіленген құжаттардың толық тапсырылуы.

10-сыныпқа қабылданған оқушылардың жалпы саны – 5

Оның ішінде:

Қазақ сыныптарына – барлығы 5 оқушы

Ұл балалар – 5

Қыз балалар – 0

Қабылдау барысында тапсырылған құжаттар

1.Ата-ананың өтініші

2.Негізгі орта білім туралы аттестаттың көшірмесі

3.Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі

4.Денсаулық туралы анықтамалар

5.Фотосурет (3×4)

10-сыныпқа қабылдау жұмыстары қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, уақытында және талапқа сай жүргізілді. Қабылданған оқушылар толықтай оқу процесімен қамтылды. Өтініштері қағаз түрінде тіркелді.

Тлектес жалпы орта білім беру мектебінде оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызметтің атауы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 2025–2026 оқу жылы бойы тұрақты түрде көрсетілді.

Мемлекеттік қызметті алушылар – әлеуметтік осал санаттағы оқушылар, атап айтқанда:

1.Бастауыш сынып оқушылары;

2.Аз қамтылған отбасы балалары;

3.Көпбалалы отбасы балалары;

4.Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

5.Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар.

4. Қызмет көрсету тәртібі

Қызмет көрсету ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініштері мен тиісті құжаттары негізінде жүзеге асырылды.

Қызмет тегін көрсетілді және белгіленген тәртіпке толық сәйкес жүргізілді.

Қамтылған оқушылар туралы мәліметке тоқталар болсақ тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың жалпы саны – 29 оқушы.

Оның ішінде:

бастауыш сынып оқушылары – 15

әлеуметтік осал санаттағы оқушылар – 14

Оқушыларға санитарлық талаптарға сай, бекітілген мәзір бойынша күнделікті ыстық тамақ берілді. Тамақтың сапасы мен қауіпсіздігі тұрақты және үнемі бақылауда.

Мектепте оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту бойынша мемлекеттік қызмет қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, уақтылы және сапалы көрсетілді. Қызмет көрсету барысында ата-аналар тарапынан шағымдар тіркелген жоқ


Қызмет алушылардан мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты шағымдар түскен жоқ.

Аталған мәселе тұрақты бақылауда. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында:

Шешімі:

1. Халыққа мемлекеттік қызметтерді уақтылы және сапалы көрсету камтамасыз етілсін.
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылармен тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Тлектес ЖОББМ ұжымымен тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.
4. Жария талқылау қорытындылары мектептің ресми интернет-ресурсында жариялансын.

Тлектес ЖОББМ басшысы:
Хатшы:



Бекпаева А.Б.
Рахметова С.Б.